

Қоқан хандығының құрылуы

Қоқан хандығы 1703 жылы Шаһрух хан таққа отырған кезден бастап, Минг (мыңдар) деп аталатын бір тайпа негізінде Ферғана тәуелсіз мемлекеті құрылған кезде пайда болды [1, 10-б]. Әкімшілік орталығы Қоқан болды, бұл нәсілден 28 кісі таққа отырып, Шаһрух ханнан бұрынғысы «би» аталып, кейінгілері «хан» деп аталды. 1876 жылы бұл уалияттан «хан» атауы жойылады. Хандардың дәуірлеуі 174 жылға жеткен.

XVIII ғасырдың аяғы XIX ғасырдың басында Оңтүстік Қазақстан халқы Ортаазиялық феодалдық мемлекеттер – Хиуа, Бұқар және Қоқан экспансиясының объектісіне айналды. Орта Азия хандықтары қазақ арасындағы әлеуметтік қайшылықтарды өзара тартысты, соғыстарды асқындыра түсті. Қоқан феодалдары қазақтарды өздерінің өздерінің қол астына қаратуды, олардың жерлеріне бекіністер салып, қазақ даласына әскери жасақтар жіберіп, халықтан алым-салық жинауды жүзеге асыруға барынша ұмтылыс жасады [2, 94-95].

Ресей ежелгі актілер мұрағатында XVIII ғ. бірінші жартысында (1741 жылы) Ташкентте болған татарлық саудагер Шұбай Арыслановтың мәліметінше [3, 193] адында Жоңғар үстемдігі кезінде Ташкент қаласында хандар бір-бірін өлтіру арқылы таққа отырған, бұған халық еш наразылық білдірмеген. Ең алдымен қаланы қырғыз-қайсақ ордасынан Жолбарыс иеленді. Сонымен бірге осы Ташкентте үйі әйелі мен екі баласы бар Төле би иелік жасады.

Жолбарыс хан 1739 жылдан бастап Абылай ханмен тізе қоса отырып, қазақ жерінің оңтүстігін жоңғарлардан азат ету үшін қарулы күрес жүргізеді, бірақ мақсатын аяқтай алмайды. 1740 жылы 5 сәуірде Ташкентте мешітте намаз оқып отырған жерінде опасыздықпен бауыздалып өлтірілді [4, 111-112]. Оны өлтірген Қалдан Цереннің өкілі Күсек бектің нұсқауымен орындалған көрінеді.

Орыс елшісі Д. Телятниковтың мәліметінше [5] 1784 жылы Ташкент билеушісі Жүніс қожа болды. Ташкент өзінің саяси құрылысы жөнінен Бұқар, Қоқан хандықтарынан кем түспеді. Ташкенттің билігінің өсуіне Шейхантаур билігінің жергілікті қожалары көмектесті. Ташкентті басқаруға Ресеймен сауда жасайтынбай қолөнершілер мен көпестер ықпал жасап отырды.

П. Ивановтың мәліметі бойынша, Жүніс қожаның қазақтарға деген көзқарасы жауапкершілікте болды. Ұлы жүздегі хандық билікті жойып, зекет салығын енгізді. Өз беделін жоғары ұстау үшін беделді қазақтарға арқа сүйеген. «... өз әскерлерін, сондай-ақ жігіттерін Жүніс қожа тек қазақтардан ғана сайлай алды. Бұған қаңлы, шанышқылы сол сияқты бағыс және рамадан бөлімдерінің қазақтары көмектесті. Жүніс қожа әскерлеріне әр рудан шыққан барлығы 24 батырдың есімдері айтылады» [6, 216-217б]. Жүніс Қожаның әскери бөлімі алты мыңнан десек, оның екі жүз бен мыңнан астамын жергілікті отырықшы халық – қазақтар құрады. Бұл әскери құрамы «Қарақазан» деп атаған. Ташкент билігіндегі әскердің саны 20 мыңнан 60

мыңға дейін жетті. Жүніс Қожаның беделінің өсуі Ташкент пен Қоқан хандығының арасын ушықтырды. [7, с175-179].

Жүніс Қожа билікті өз қолына алып, рулық басқаруды сұлтандар мен старшындарға берді. Сол арқылы ол қазақ сұлтандарын өзіне тірек етті. Ұлы жүздің бағындырылуы және қалалар мен елді мекендерді жаулауы Қожа билігінің шаруашылық, саяси негізін нығайтты және ХІХ ғасырдың басындағы Ташкенттің маңызын арттыра түсті.

Осылайша Ташкентте: Түркістан, Шымкент, Сайрам сияқты маңызды сауда-транзиттік нүктелер және Ресей жағындағы Орта Азиялық халықтарға шығар жолда орналасқан қалалар қарады. Ұлы жүздің көшпелі қазақтарының негізгі аудандарын қосу нәтижесінде Орта Азияның Ресеймен қарым-қатынасының шешуші позициясы Ташкентке көшіп, Ташкенттің маңыздылығы арта түсті. Мұндай жағдай Ташкенттің Орта Азиялық халықтары мен әсіресе Қоқан хандығының қарым-қатынасын шиеленісуіне әкелді. Жүніс Қожа Ташкентте 12 жыл билік құрды. Оны Қият пен Түрік қауымдастығы қолдады. Қала қорғанысын күшейтіп, Ташкент билігінің шекарасын кеңейту үшін күрес жүргізді. Жүніс Қожаның үстемдігі оңтүстік құрама тауларынан, Ангрэн өзені шығыста-Бисқан тауы, батысы – Сырдария, солтүстігі – Шымкентке дейін созылды. Бірақ, қазақтар Ташкент билеушісіне түбірімен тәуелді болмады. Өздерінің тонаушылық әрекеттерімен қала тұрғындарына қысым жасап, ұзақ уақыт билігінде болды. [8].

1799 жылы Нарботаны үлкен ұлы Әлім қоқанның ханы болды. Ол жаққа отырғаннан кейін Ташкентке Ходжент билеушісі Хан – қожаны аттандырады. Ташкент түбіндегі Қарасу өзені бойында Жүніс Қожа әскерлерімен шайқасып, жеңіліске ұшырап шегінеді де, нәтижесінде Жүніс Қожа құрама ауданын алады. Орыс саяхатшыларының жазуынша Қоқан хандығына қарсы соғыста Жүніс Қожаның негізгі тірегі әскери күшінің құрамына кірген қазақтар болған. Бірақ, осы соғыстан кейін қазақтармен қарым-қатынас мейлінше нашарлай түсуі себепті Жүніс Қожа Ферғана жорығында сәтсіздікке душар болды [9, 124-125].

Тек үшінші шайқастан кейін Ташкент Қоқан әскерлеріне қарсы соққы бере алмады. Ферғана тарихшыларының айтуына қарағанда, Ташкент, Қоқан хандығының жартылай тәуелді облысына айналды. Әлім хан қаланы басқарушы адамдарды өзіне шақырып алып, наградалар берді, одан кейін 7 жыл бойы су жіберілмеген Ташкентті қаратып, Әлім хан оның халқына қайырымдылық көрсетеді де, Сент Әлібекті қаланың әмірі етіп сайлайды. [2, 111-113]. Сөйтіп Ташкент өзінің тәуелсіздігінен толығынан айрылып, 1808 жылы Қоқан хандығына бағынды. [10, 99].

Ташкенттің алынуы Оңтүстік Қазақстанның Қоқан хандығының езгісіне түсуіне түрткі болды.

Әлім ханның толассыз әскери жорықтары халық бұқарасының жағдайына ауыр әсер етті. Бұл халық арасында қатты наразылық туғызды. Наливкин былай деп жазды: «Әлім ханның есіл-дерті соғысу, ал қалғандарына соғыстың еш қызығы жоқ еді, олардың көз алдында ханның жаулаушылыққа әуестігі оның жеке басының ермегі сияқты көрінді, мұның

халық үшін титтей де пайдасы болмағаны өз алдына, ол қыруар уақытты текке кетіру, қаржыны босқа жұмсау, жиі-жиі адамдарды қазаға ұшырату болды» [11, с91].

Шапқыншылықтың нәтижесінен алынған бай олжа мен көп тұтқындар қолға түссе де, Әлім хан бұған қанағаттанбады. Ол қазақ ауылдарын толық үстемдік етуді және қоқан хандығына оларды бағындырып, қосуды талап етті. 1809 жылы Әлім ханның әмірімен Сайрамнан Түркістанға дейінгі қазақ жерлерін түбірімен басып алу мақсатында жаңа жорықтар ұйымдастырылды. [12, 4 п]. Әлім ханның көптеген әскери жорықтары халықты жоқшылыққа әкелетін шығындары, ауыр әскери салықтар халықтардың шаруашылықтан алыстауы, Әлім ханның жеке диктаторлыққа ұмтылуы хандықтағы халықтың ғана емес, Сарай шенеуніктерін де, әскер басшыларының да наразылығын тудырды. Тұрғындардың басым көпшілігі, әсіресе кедейлер өте қиын жағдайда болды. Халықтың наразылығы күшейді. Ақыры мұндай істерден жапа болған халықтың талабымен 1809 жылы Әлім хан мен балалары, көптеген көмекшілерімен өлім жазасына кесілді.

Әлім ханнан кейін інісі Омар хан отырды. Ғалымдар Омар ханды замандасының әділі, қатарының білімдісі Шахрух тұқымының бәрінен артық қадірлі, өткір ақын, сөзге шешен, тіпті Бабыр тұқымында ғылым мен білімі жеке дара, мінезі келісті адам еді дейді. [1, 15]. Оқу жүйесіне жанашыр болған, парсы мен түрік өлеңдерін, риторика ғылымдарын енгізген. Ол өз сарайына хандықтағы белгілі адамдар Фазли, Машрап, Ғазиды тартты. Поэзиялық шығармашылықпен Омар ханның өзі де айналысты және өлеңдерін «Әмір» деген әдеби бүркеншік атпен шығарды. Өлеңді Омар ханның әйелі Надира да жазды. Ол діни адамдарды қамқорлығына алып, сол үшін де «Әмир-Эль Муслемин» (Діндарлар әмірлігі) деп аталды. Оның өлең мен өнерді бағалағаны соншалық, өте алыс елдердегі танымал өнерпаздар мен ғалымдар келіп қызметінде болған. Халық үшін еңбек етіп және аса бір тарихи іс – Қоқан қаласында мешіт-медреселер салдырғаны үшін ел аузынды «Омар хан мекені жәннәт» деген мәтел қалған.

Омар хан Қоқан хандығының шекарасын едәуір кеңейтті. XIX ғасырдың 20 жылдары Қоқан хандығы өте үлкен территориясын – батыста Арал теңізі, шығыста Іле, Шу өзендері аралығында Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүздің жерлеріне ие болды. Өзінің территориясын негізінен қазақ далаласының жерімен кеңейткен Қоқан хандығы үлкен хандық болып есептелді.

Мұрағат деректерінің мәліметінше, XIX ғасырдың 20 жылдарында Қоқан хандығының қарамағына 150 мың отбасы кірді. [13, 54-55 пп].

Өтеубай Қожақұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Құрбанғали Халид. Тауарих хамса (бес тарих). – Алматы, 1992.
2. Иванов П.П. Казахи и кокандское ханство // записки института востоковедение АН СССР-М-Л., 1939. – т7. с. 92-128
3. Ресейдің мемлекеттік ежелгі актілер мұрағаты (РМЕАМ), 24 қор, сенат кітабы 136, 3 тізбе.
4. Ерофеева И.В. Казахские ханы и ханские династий в XVIII середине XIX вв.//Культура и истории Центральной Азии и Казахстана: проблемы и перспективы исследования. – Алма-Ата, 1979.
5. Ходжиев Э.Х. Политическая экономическая жизнь Ташкента на рубеже ХУІІІ-ХІХ вв.// в кн: Познефеодальный город средней Азии. – Ташкент, 1990. с. 46-52.
6. Диваев Э. Азиялық Ташкент қаласының пайда болуы жөнінде аңыз // Тарту-Алматы, 1992.
7. Чехович О.Д. Сказание о Ташкенте памятники письменности Востока. Историко-филологические исследование 1968. – М., 1970.
8. Ресей Империясының сыртқы саясат мұрағаты (РИССМ) 161 қор, СПБ., БМ-ІІ-33, 74-тізбе, 8-іс, 1802, ХІІІ бөлім «Қырғыз-қайсақ үлкен ордасы».
9. Сибирский вестник. 1818г. – СПб; 1819-г. 4-93 с.
10. Соколов Ю.А. Ташкент, Ташкентцы и Россия – Ташкент: Узбекистан 1965-190 с.
11. Наливкин В.П. Краткая история Кокандского ханства – Казань. 1886. – 216 с.
12. ӨРОММ. и-715-қор, 1-тізбе, 26-іс
13. ӨРОММ и-336-қор, 1-тізбе, 1-іс